

2014 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 299 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 маусымда № 2702 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 7 тамыздағы № 2352 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 07.08.2014 № 2352 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ордабасы ауданы бойынша 2014 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. С а т е н о в к е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 24 ақпанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі *С.Сапарбаев*
Ордабасы ауданы әкімдігінің
« 6 » маусымдағы 2014 жылғы
№ 299 қаулысына қосымша

Ордабасы ауданы бойынша 2014 жылға арналған сусидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері

№	Дақыл түрі	Егістіктің оңтайлы мерзімдері		Ескертпе
		басталуы	аяқталуы	
1	Жаздық бидай	25.02.2014 ж.	04.04.2014 ж.	Тәлімі жер
2	Мақсары	30.02.2014 ж.	25.03.2014 ж.	Тәлімі жер
3	Күнбағыс	25.04.2014 ж.	10.05.2014 ж.	Тәлім және суармалы жер
4	Майкене	25.04.2014 ж.	10.05.2014 ж.	Тәлім және суармалы жер
5	Жоңышқа	15.03.2014 ж.	10.04.2014 ж.	Тәлім және суармалы жер
6	Мақта	25.04.2014 ж.	10.05.2014 ж.	Суармалы жер
7	Көкөніс, бакша, картоп	25.03.2014 ж.	30.05.2014 ж.	Суармалы жер
8	Дәндік жүгері	25.03.2014 ж.	20.05.2014 ж.	Суармалы жер
9	Күздік бидай	05.10.2014 ж.	05.11.2014 ж.	Суармалы жер
		15.10.2014 ж.	25.11.2014 ж.	Тәлімі жер